

Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 21 бұйрығы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 202-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 21 Бұйрықпен
бекітілген

Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 202-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын айқындайды.

2. Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау (бұдан әрі – бағалау) – тиісті саланың уәкілетті органы мен жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті, оның ішінде мемлекетке тиесілі акциялар мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін басқару жөніндегі қызметінің тиімділігін айқындау құралы.

3. Бағалау мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті және мемлекетке тиесілі акциялар мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін басқару тиімділігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

4. Бағалау:

1) есепті кезеңде тұтас және түрлері бойынша: республикалық және коммуналдық мемлекеттік мүліктің жай-күйі туралы талдамалық ақпаратты;

2) мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалауды, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларды және мемлекетке тиесілі акциялар мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін басқару жөніндегі қызметтерінің тиімділігіне қарай тиісті салалардың уәкілетті органдарын және жергілікті атқарушы органдарды не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарын бағалауды;

3) мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтиды.

5. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) даму жоспары – мемлекеттік кәсіпорынның, акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

2) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

3) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын және Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мүлікке қатысты құқықтарды өзге мемлекеттік органдарға берген жағдайларда, осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы қағидалары осындай мемлекеттік органға қолданылады;

4) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, ұйымдастыру және мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер жүктелген заңды тұлға;

5) ұйымдар – мемлекеттік заңды тұлғалар (мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар) және мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (бұдан әрі – мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС));

6) іс-шаралар жоспары – ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық холдингінің және ұлттық компанияның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

6. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасының тиісті салаларының уәкілетті органдарына және жергілікті атқарушы органдарына не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарына қолданылады.

2-тарау. Бағалауды жүзеге асыру тәртібі

7. Бағалау екі кезеңмен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең – тиісті салалардың уәкілетті органдарынан және жергілікті атқарушы органдардан не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарынан бағалау жүргізуге қажетті ақпарат жинау;

2) екінші кезең – тиісті салалардың уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметін балдық жүйе бойынша бағалау (осы Қағидаларда 1-қосымшаға сәйкес әрбір көрсеткіш бойынша 2 балдан артық емес).

8. Бағалау мынадай ақпараттың:

1) осы Қағидаларда 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппаратының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметінің нәтижелері туралы есеп (бұдан әрі – есеп) негізінде жүзеге асырылады.

Есепте бағалау өлшемшарттары бойынша көрсеткіштерді толтыру кезінде есепті жылы акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) мемлекеттік акциялар пакетін (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы мен мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараты ауысқан ұйымдар, сондай-ақ жаңадан құрылған ұйымдар ескерілмейді.

Есепті жасауға арналған ақпарат көзі мыналар:

ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігі;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ-ның (ЖШС-ның) бекітілген, түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептері;

бюджетке салықтық емес түсімдер түскен кезде және мемлекет активтерін пайдалану кезінде ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысынан мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру нәтижелері;

мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында бекітілген мүлікке жүргізілген түгендеу, паспорттау және қайта бағалау нәтижелері;

2) есепке қоса берілетін талдамалық жазба еркін нысанда жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

жағымды тұстары мен кемшіліктері көрсетілген есеп көрсеткіштерін талдау;

есепті жылы акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) мемлекеттік акциялар пакетін (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы мен мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараты ауысқан ұйымдардың атаулы тізбесі;

төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындарды және мемлекет бақылайтын АҚ-ны (ЖШС-ны) қаржылық-экономикалық сауықтыру жөніндегі ұсыныстар;

ұйымдарды басқару кезінде анықталған жүйелік кемшіліктер мен проблемалар;

ұйымдарды басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар;

3) осы Қағидаларда 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетке салықтық емес түсімдер түскен кезде және мемлекет активтерін пайдалану кезінде ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысынан мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру нәтижелері;

4) мемлекеттік мүлік тізілімінің деректері;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қаулысымен сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындарды және заңды тұлғаларды басқару тиімділігі мониторингінің нәтижелері.

9. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органдары даму жоспарының жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

әкімдерінің аппараттары жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қарашасына дейін мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мынадай ақпаратты:

1) осы есепке талдамалық жазбаның электрондық (сканерленген) көшірмесімен қоса осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұйымдарды бюджетке салықтық емес түсімдер түскен кезде және мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысынан тексеруінің нәтижелері туралы мәліметтерді орналастырады.

11. Тиісті салалардың уәкілетті органдары және жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бағалау жүргізу үшін ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын және толықтығын қамтамасыз етеді.

12.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақтың бірінші бөлігі 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 бұйрығымен (мәтін алып тасталды).

Есепті жариялаудан бас тарту үшін:

1) осы Қағидалардың 11-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың болмауы;

2) тиісті саланың уәкілетті органына, жергілікті атқарушы органына және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен есепке қол қою негіз болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор есепті жариялаудан бас тартқан жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ескертулерді жояды және есепті туралы жариялаудан бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде есепті мемлекеттік мүлік тізіліміне қайта ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 22.06.2026 № 81 (01.07.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

13. Бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

1) "Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту" өлшемшарты қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың болуын/болмауын немесе санының өзгеруін көрсетеді.

Нөлдік қаржылық нәтиже оң нәтиже ретінде айқындалады;

2) "Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің және мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) акцияларының мемлекеттік пакетіне (жарғылық капиталына қатысу үлестеріне) дивидендтердің (табыстардың) бюджетке түсуін қамтамасыз ету" өлшемшарты мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір

бөлігінің және мемлекет бақылауындағы АҚ-ның (ЖШС-нің) мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтердің (мемлекеттік қатысу үлесіне таза табыс бөлігінің) бюджетке түсуінің уақтылылығы мен толықтығын көрсетеді.

Осы өлшемшарт бойынша есепті кезеңде оң қаржылық нәтижеге ие және акциялардың мемлекеттік пакетіне (мемлекеттік қатысу үлесіне) таза табысының бір бөлігі мен дивидендтерді (таза табысының бір бөлігін) бюджетке аударудан босатылмаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) қаралады.

3) "Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау" өлшемшарты бойынша мыналар айқындалады:

мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормаларының бұзылуы белгіленген мемлекеттік мекемелер саны;

мемлекеттік органдарға көліктік қызмет көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілігі нормативтерінің бұзылуы белгіленген ұйымдар саны;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының тиістілік табелінің бұзылуы белгіленген мемлекеттік мекемелер саны;

әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған алаңдар нормаларының бұзылуы белгіленген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны;

Көлік құралдарының тиістілік нормативтерінің бұзылуы белгіленген мемлекеттік кәсіпорындар саны;

4) "Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу" өлшемшарты бойынша балансында паспорттауды жүргізуді талап ететін объектілері бар мемлекеттік заңды тұлғалардың болмауын/болуын көрсетеді;

5) "Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) есептерін беру" өлшемшарты бойынша мыналар айқындалады:

мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсынбаған мемлекеттік мекемелер мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны;

мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларын орындау бойынша есептерді ұсынбаған мемлекеттік мекемелер мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны;

6) "Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" өлшемшарты бойынша бекітілген (түзетілген) даму жоспарында сандық бағалауға жатқызылатын, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумақтарды дамыту жоспарында) көрсетілген стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын орындау бойынша ұйымның қызметін

сипаттайтын шешуші көрсеткіштері айқындалмаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны айқындалады.

7) "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ-ның (ЖШС-нің) мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі" өлшемшарты бойынша мыналар:

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштерге қол жеткізуін бағалау;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау айқындалады.

14. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) қаржылық жай-күйінің тұрақтылығы ағымдағы өтімділік коэффициенті мен меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті бойынша айқындалады.

Ағымдық өтімділік коэффициенті бойынша шаруашылық қызмет жүргізу және ұйымның жедел міндеттемелерін уақтылы өтеу үшін ұйымның меншікті айналым қаражатымен жалпы қамтамасыз етілуі айқындалады.

Ағымдық өтімділік коэффициенті ағымдық (айналым) активтерінің ұйымның ағымдық (қысқа мерзімді) міндеттемелеріне қатынасы ретінде есептеледі.

Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті бойынша ұйымның қаржылық тұрақтылығына қажетті меншікті айналым қаражатының болуы айқындалады.

Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті меншікті айналым қаражатының ұйымның айналым активтері шамасына қатынасы ретінде есептеледі. Меншікті айналым қаражатының мөлшері меншікті қаражат пен оның айналымнан тыс активтері арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) мына шарттардың бірі болған кезде:

1) ағымдық өтімділік коэффициенті есепті кезеңнің соңында 1,5-тен кем мәнге ие болса;

2) меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті есепті кезеңнің соңында 0,1-ден кем мәнге ие болса төлемге қабілетсіз болып саналады.

15. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

1) тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бойынша олар ұсынған деректерді іріктеп қайта тексереді;

2) балдық жүйе бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдардың не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қызметіне бағалау жүргізеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау парағын тізілімнің веб-порталында қалыптастырады;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті саланың уәкілетті органдарының, жергілікті атқарушы органдардың және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметінің нәтижелері туралы жиынтық есепті мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында қалыптастырады.

16. Бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдарын не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарын мынадай тәртіппен топтауды жүргізеді:

1) мемлекеттік мекемелерді басқару қызметін жүзеге асыратын тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары:

тиімділігі жоғары (10-8 балл)

тиімділігі орташа (7-4 балл);

тиімділігі төмен (3-0 балл);

2) мемлекеттік кәсіпорындарды басқару қызметін жүзеге асыратын тиісті салалардың уәкілетті органдары:

тиімділігі жоғары (20-18 балл);

тиімділігі орташа (17-8 балл);

тиімділігі төмен (7-0 балл);

мемлекеттік кәсіпорындарды басқару қызметін жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары:

тиімділігі жоғары (18-16 балл);

тиімділігі орташа (15-8 балл)

тиімділігі төмен (7-0 балл);

3) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару қызметін жүзеге асыратын тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар:

тиімділігі жоғары (16-14 балл);

тиімділігі орташа (13-6 балл);

тиімділігі төмен (5-0 балл);

4) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекет қатысатын үлестерін басқару қызметін жүзеге асыратын тиісті салалардың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар:

тиімділігі жоғары (16-14 балл);

тиімділігі орташа (13-6 балл);

тиімділігі төмен (5-0 балл).

17. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау жөніндегі жылдық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке қоса берілетін материалдардың құрамына енгізу үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 1 (бірінші) ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

Мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігін бағалау
қағидаларына
1-қосымша

Өлшемшарттар мен көрсеткіштердің балдары

Р/с №	Өлшемшарт/көрсеткіш атауы	Балл
1	2	3
1	Теріс қаржылық нәтижесі бар ұйымдар санының азаюы	
	Теріс қаржылық нәтижесі бар ұйымдардың болмауы	2
	Болуы	0
	Есепті жылдағы өзгерістер:	
	азаю жағына қарай	1
	ұлғаю жағына қарай немесе өзгеріссіз	0
2	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) акцияларының (қатысу үлесінің) мемлекеттік пакетіне мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің бюджетке түсімдерін және дивидендтерді (кірістерді) қамтамасыз ету	
	Таза табыстың тиісті бөлігін және мемлекеттік меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне (қатысу үлестеріне) дивидендтерді бюджетке уақтылы немесе толық аудармаған ұйымдардың болмауы	2
	Болуы	0
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	
3.1	Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы айқындалған мемлекеттік мекемелер саны.	
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болмауы	2
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары	

	анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болуы	0
3.2	Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған ұйымдар саны.	
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болмауы	2
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болуы	0
3.3	Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды телефон байланысымен және офистік жиһазбен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік мекемелер саны.	
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болмауы	2
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болуы	0
3.4	"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысының (бұдан әрі – № 145 қаулы) 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыру алаңдары нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны	
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болмауы	2
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексеруде бұзушылықтардың болуы	0
	№ 145 қаулының 1-4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген арнаулы көлік құралдарының тиесілілік нормативтерінен асып кетуі анықталған мемлекеттік кәсіпорындардың саны	

3.5	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болмауы	2
	Есепті кезеңде мемлекеттік қаржылық бақылау органдары анықтаған тексерулерде бұзушылықтардың болуы	
4	Мемлекеттік заңды тұлғалардың балансында бекітілген мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізу	
	Балансында паспорттау жүргізу талап етілетін объектілері бар мемлекеттік заңды тұлғалардың болмауы	2
	Болуы	0
5	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы бойынша есептерді мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсыну	
5.1	Бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны	
	Бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауы	1
	Болуы	0
5.2	Даму жоспарларының орындалуы бойынша бекітілген есептерді мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) саны	
	Даму жоспарларының орындалуы бойынша бекітілген есептерді мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынбаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауы	1
	Болуы	0
Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы		
	Барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген даму жоспарларында ұйымның стратегиялық жоспарында (аумақтарды дамыту жоспарында) көрсетілген мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарын орындау жөніндегі	2

6	қызметін сипаттайтын, сандық бағалауға жататын түйінді көрсеткіштер айқындалған	
	Бекітілген даму жоспарларында ұйымның стратегиялық жоспарында (аумақтарды дамыту жоспарында) көрсетілген мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен максаттарын орындау жөніндегі қызметін сипаттайтын, сандық бағалауға жататын түйінді көрсеткіштері айқындалмаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болуы	0
7	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС)-ның мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
7.1	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	
	Барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) даму жоспарында көрсетілген негізгі көрсеткіштерді орындады	2
	Даму жоспарында көрсетілген негізгі көрсеткіштерді орындамаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болуы	0
7.2	Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) болмауы	2
	Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен АҚ (ЖШС) мемлекет бақылауындағы кәсіпорындардың болуы	0

Мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігін бағалау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметінің нәтижелері туралы есеп _____

3	қатысу үлестеріне) дивидендтердің (табыстардың) бюджетке түсуін қамтамасыз ету" өлшемшарты*					
	О н қаржылық нәтижеге ие және акциялардың мемлекеттік пакетіне (мемлекеттік қатысу үлесіне) таза табысының бір бөлігі мен дивидендтерді (таза табысының бөлігін) бюджетке аударудан босатылмаған ұйымдар саны	бірлік		X		
	Таза табыстың тиісті бөлігін және мемлекет меншігіндегі мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді бюджетке уактылы және толық аудармаған ұйымдар саны	бірлік		X		
	"Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау" өлшемшарты*					
	Мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен					

4	қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік мекемелер саны	бірлік			X	X	X
	Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларының артуы анықталған ұйымдар саны	бірлік			X	X	X
	Мемлекеттік органдарды телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік мекемелер саны	бірлік			X	X	X
	Әкімшілік аппараттары орналастыруға арналған алаңдар нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік кәсіпорынд			X			

	ар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік					
	Тиісті саланың уәкілетті органдары бекіткен арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерінің бұзылуы анықталған мемлекеттік кәсіпорындар саны	бірлік		X		X	X
5	"Мемлекеттік заңды тұлғалар балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу" өлшемшарты*						
	Балансында паспорттауды жүргізуді талап ететін объектілер бар мемлекеттік заңды тұлғалар саны	бірлік				X	X
6	"Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) есептерін беру" өлшемшарты*						
6.1	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларының ұсынбаған мемлекеттік мекемелер мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік		X			

6.2	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындау бойынша есептерді ұсынбаған мемлекеттік мекемелер мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік		X			
7	"Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" өлшемшарты*						
	Бекітілген даму жоспарында сандық бағалауға жатқызылатын, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумақтарды дамыту жоспарында) көрсетілген стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын шешуші көрсеткіштер і айқындалмаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет			X			

	бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік					
8	"Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ-ның (ЖШС-нің) мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі" өлшемшарты*						
8.1	Д а м у жоспарында көрсетілген түйінді көрсеткіште р д і орындамаған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ-ның (ЖШС-нің) саны	бірлік		X			
8.2	Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік		X			

Ескертпе: "X" белгісімен белгіленген жолдар толтырылмайды;

* есепте бағалау өлшемшарттары бойынша көрсеткіштерді толтыру кезінде есепті жылы акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) акцияларының (қатысу үлесінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын және мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік атқарушы органның ауысуы орын алған ұйымдар, сондай-ақ жаңадан құрылған ұйымдар ескерілмейді.

Тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық

маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы

(қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігін бағалау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұйымдарды бюджетке салықтық емес түсімдер түскен кезде және мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысынан тексеруінің нәтижелері туралы мәліметтер _____
_____ (тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының атауы)

(есепті кезең)							
Р/с №	Тексерілген ұйымның атауы	Тексеру жүргізген мемлекеттік қаржылық бақылау органының атауы	Тексеру нәтижелері				
			Бұзушылық т а р а ны қ т а л ғ а н ж о қ	Анықталған бұзушылықтар:			
				Тиістілік нормативінің (нормаларының) артуы		Мемлекеттік тіркеудің болмауы	
				үй-жайлар (бірлік/ ш.м)	к ө л і к қ ұ р а л д а р ы (бірлік)	ж ы л ж ы м а й т ы н м ү л і к о б ь е к т і л е р і (бірлік)	к ө л і к қ ұ р а л д а р ы (бірлік)
1	2	3	4	5	6	7	8

Тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық
маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы

(қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

Мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігін бағалау
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Бағалау парағы

_____ (тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының атауы)
_____ (есепті кезең)

Мемлекеттік мекемелерді басқару

Р/с №	Өлшемшарттын/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	

2.1	Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сақтау.	
2.2	Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сақтау.	
2.3	Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік органдарды телефон байланысымен және офистік жиһазбен қамтамасыз етудің заттай нормаларын сақтау.	
3	Мемлекеттік заңды тұлғалар балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу	
	Жиыны:	

Мемлекеттік кәсіпорындарды басқару

Р/с №	Өлшемшарт/көрсеткіш атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Мемлекеттік кәсіпорындар таза кірісінің бір бөлігінің бюджетке түсуін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	
	"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі	

3.1	серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысы (бұдан әрі – № 145 қаулы) 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған аландар нормаларын сақтау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативтерін сақтау	
3.3	№ 145 қаулының 1-4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерін сақтау	
4	Мемлекеттік заңды тұлғалар балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу	
5	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5.1	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
5.2	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
6	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
7	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
7.1	Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	
7.2	Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару

P/c №	Өлшемшарттын/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің бюджетке түсуін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	
3.1	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған алаңдар нормаларын сақтау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативтерін сақтау	
4	Мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерін ұсыну	
4.1	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
4.2	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
6	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
6.1	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	
6.2	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік қатысу үлестерін басқару

--	--	--

P/c №	Өлшемшарттын/көрсеткіштің атауы	Балл
1	2	3
1	Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту	
2	Жауапкершілігі шектеулі серіктестікте мемлекеттік қатысу үлесіне таза кірістің бір бөлігінің бюджетке түсуін қамтамасыз ету	
3	Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау	
3.1	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған алаңдар нормаларын сақтау	
3.2	№ 145 қаулының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативтерін сақтау	
4	Мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерін ұсыну	
4.1	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарларын ұсыну	
4.2	Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді ұсыну	
5	Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы	
6	Мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі	
6.1	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	
6.2	Мемлекет бақылайтын АҚ (ЖШС) қаржылық жағдайының тұрақтылығын бағалау	
	Жиыны:	

Мемлекеттік мүлікті басқару
тиімділігін бағалау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Тиісті саланың уәкілетті органдарының, жергілікті атқарушы органдардың және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметінің нәтижелері туралы жиынтық есеп

(есепті кезең)							
Тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының атауы	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Барлығы	оның ішінде:			
				Мемлекеттік мекемелер	Мемлекеттік кәсіпорындар	Мемлекет бақылауындағы акционерлік қоғамдар	Мемлекет бақылауындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер
1	2	3	4	5	6	7	8
	Ұйымдар саны	бірлік					
	Есепті кезең басында	бірлік					
	Есепті кезең соңында	бірлік					
	Ауытқу (есепті кезеңнің соңы минус есепті кезеңнің басы)	бірлік					
"Қаржылық нәтижесі теріс ұйымдардың санын азайту" өлшемшарты							
қаржылық нәтижесі теріс ұйымдар саны:							
	Есепті кезеңнің алдындағы жылдың соңында	бірлік					
	Есепті кезең соңында	бірлік					
	Ауытқу (есепті кезеңнің соңы минус есепті	бірлік					

	кезеңнің алдындағы жылдың соңы)					
"Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің және мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) акцияларының мемлекеттік пакетіне (жарғылық капиталына қатысу үлестеріне) дивидендтердің (табыстардың) бюджетке түсуін қамтамасыз ету" өлшемшарты						
О н қаржылық нәтижеге ие және акциялардың мемлекеттік пакетіне (мемлекеттік қатысу үлесіне) таза табысының бір бөлігі мен дивидендтерді (таза табысының бөлігін) бюджетке аударудан босатылмаған ұйымдар саны	бірлік		X			
Таза табыстың тиісті бөлігін және мемлекет меншігіндегі мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді бюджетке уактылы және толық аудармаған ұйымдар саны	бірлік		X			
"Бекітілген нормативтер мен заттай нормаларды сақтау" өлшемшарты						

Мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік мекемелер саны	бірлік			X	X	X
Мемлекеттік органдардың қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларының артуы анықталған ұйымдар саны	бірлік			X	X	X
Мемлекеттік органдардың телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормаларының бұзылуы анықталған мемлекеттік мекемелер саны	бірлік			X	X	X
Әкімшілік аппараттардың орналастыруға						

арналған алаңдар нормаларын ың бұзылуы анықталған мемлекеттік кәсіпорынд ар мен мемлекет бақылауынд ағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік		X			
Тиісті саланың уәкілетті органдары бекіткен арнайы көлік құралдарын ың тиістілік нормативте рінің бұзылуы анықталған мемлекеттік кәсіпорынд ар саны	бірлік		X		X	X
"Мемлекеттік заңды тұлғалар балансында бекітілген мүлікке түгендеуді, паспорттауды және қайта бағалауды жүргізу" өлшемшарты						
Балансында паспорттауд ы жүргізуді талап ететін объектілер б а р мемлекеттік заңды тұлғалар саны	бірлік				X	X
"Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген даму жоспарлары мен олардың орындалуы бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ (ЖШС) есептерін беру" өлшемшарты						
Мемлекеттік мүлік тізіліміне бекітілген, оның ішінде түзетілген да му жоспарлары н ұсынбаған мемлекеттік			X			

	мекемелер м е н мемлекет бақылауынд ағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік					
	Мемлекетті к мүлік тізіліміне бекітілген д а м у жоспарлары н орындау бойынша есептерді ұсынбаған мемлекеттік мекемелер м е н мемлекет бақылауынд ағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік		X			
"Даму жоспарының көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" өлшемшарты							
	Бекітілген д а м у жоспарында сандық бағалауға жатқызылат ы н , мемлекеттік органның стратегиялы қ жоспарында (аумақтарды дамыту жоспарында) көрсетілген стратегиялы қ бағыттары м е н мақсаттары н орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайты н шешуші көрсеткіште			X			

р і айқындалма ғ а н мемлекеттік кәсіпорынд ар мен мемлекет бақылауынд ағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік						
"Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет бақылауындағы АҚ-ның (ЖШС-нің) мемлекет қаражаты мен активтерін пайдалану тиімділігі" өлшемшарты							
Д а м у жоспарында көрсетілген түйінді көрсеткіште р д і орындамаға н мемлекеттік кәсіпорынд ар мен мемлекет бақылауынд ағы АҚ-ның (ЖШС-нің) саны	бірлік			X			
Төлемге қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорынд ар мен мемлекет бақылауынд ағы АҚ (ЖШС) саны	бірлік			X			

Ескертпе: "X" белгіленген жолдар толтырылмайды.